

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде коммуналдық меншік объектілерін пайдалану туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімінің шешімі 2001 жылғы 2 шілдедегі N 239. Атырау облысының әділет басқармасында 2001 жылғы 20 шілдеде N 564 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімінің 2011 жылғы 28 шілдедегі N 28 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімінің 2011 жылғы 28.07.28 N 28 шешімімен.

1. Төмендегі:

1) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде коммуналдық меншік объектілерін пайдаланудың Ережесі (N 1 қосымша);

2) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне басым бағыттарына қарай несие беру үшін жобаларды іріктеу жөніндегі комиссия құрамы (бұдан әрі - Комиссия) (N 2 қосымша);

3) шағын кәсіпкерліктер үшін облыс бойынша басым бағыттар тізімі (N 3 қосымша);

4) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде пайдаланылатын коммуналдық меншік объектілерінің тізімі (N 4 қосымша) бекітілсін.

2. "Агросервис" коммуналдық меншік кәсіпорыны (әрі қарай - КМК) ауыл шаруашылық басқармасының қарауынан коммуналдық меншік, құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы департаментінің қарауына берілсін.

3. Коммуналдық меншік, құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы департаменті "Агросервис" КМК-ның мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік меншік құқығы бар субъект функцияларын атқару органы болып белгіленсін.

4. Облыс әкімінің 2000 жылғы 27 сәуірдегі N№457 "Агросервис" коммуналдық меншік кәсіпорынын құру туралы" шешіміндегі 2-тармақ мынадай редакцияда оқылсын:

"Коммуналдық меншік, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы департаменті "Агросервис" КМК уәкілетті органы болып табылсын".

5. Коммуналдық меншік, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық

департаменті (Оспанов В.) "Агросервис" КМК Жарғысына тиісті өзгертулер мен

толықтырулар енгізсін.

6. "Агросервис" КМК шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезіндегі кепілдік беруші болып табылсын.

7. Атырау қаласы және аудан әкімдері шағын кәсіпкерлік субъектілерінің коммуналдық меншік объектілері арқылы кепілдікті қамтамасыз ету түрінде алған несиелерін қайтару бойынша міндеттемелерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз етсін.

8. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Досмағамбетке жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімінің
2001 жылғы 2 шілдедегі
N 239 шешіміне N 1 қосымша

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде коммуналдық меншік объектілерін пайдаланудың Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 шілдедегі N №1028 "Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде коммуналдық меншік объектілерін пайдалану мәселелері" P001028_ қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында әзірленді және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде коммуналдық меншік объектілерін пайдаланудың біркелкі негізін айқындайды.

2. Коммуналдық меншік объектілерімен кепілдікті қамтамасыз ету арқылы алынған банк қаражаты Атырау облысында кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау аймақтық бағдарламасының шағын бизнесті, фермерлік шаруашылықты, жаңа жұмыс орындарын және экономика саласының басым бағыттарын дамытуға несие беруді қамтамасыз етуге бағытталған шараларды іске асыруға пайдаланылады.

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті коммуналдық меншік объектілерімен қамтамасыз ету "Агросервис" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны (бұдан әрі - КМК) арқылы жүзеге асырылады.

4. Коммуналдық меншік объектілерін кепілдікті қорға беру туралы шешімді облыс әкімі қабылдайды.

5. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті коммуналдық меншік объектілерімен қамтамасыз ету КМК-ның өз кәсіпкерлік тәуекеліне сақтандыру жүргізуі жағдайында жүзеге асырады.

2. Кепілдікті мүлікті іріктеу және оны бағалау

6. Коммуналдық меншік, құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық департаменті (бұдан әрі - Департамент) Атырау қаласы және аудан әкімдерімен бірлесе жыл сайын коммуналдық меншік объектілерін түгендеуді жүргізеді, кепілдік қорына берілетін коммуналдық меншік объектілерінің тізілімін жасайды және оны облыс әкіміне бекітуге тапсырады.

Кепілдік қорына кірістелген объектілер оларды мақсатына қарай пайдаланушы баланс ұстаушыларда қала береді.

КМК кепілдік қордағы объектілерді тек қана комиссия шешімі негізінде және Департамент келісімімен билік етуге құқы бар.

7. Тізілімді жасаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің "Банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Z952444_ заң күші бар Жарлығына сәйкес несиелерді кепілдікке қамтамасыз етуге несие ұйымдарының қоятын талаптарына сәйкес коммуналдық меншік объектілерін бағалау жүргізіледі.

3. Коммуналдық меншік объектілерін кепілдікті қамтамасыз ету есебіне несие берілетін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын іріктеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру

8. Облыс әкімінің шешімімен Коммуналдық меншік объектілерін кепілдікті қамтамасыз ету есебінде несие берілетін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын іріктеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.

9. Комиссияны облыс әкімінің орынбасары басқарады.

10. КМК басшысы лауазымы бойынша Комиссия хатшысы болып табылады.

Саны кем дегенде бес адамнан тұратын Комиссияның жеке құрамын облыс әкімі бекітеді.

11. Комиссия жұмыс органының функциялары КМК-ға жүктеледі.

12. Комиссияның жұмыс органы Комиссия отырысының күн тәртібі жөнінде ұсыныстар әзірлейді; өз құзыретінің шегінде Комиссия шешімдерінің

орындалуын қамтамасыз етеді; Комиссия мүшелерінің және оның қызметіне тартылған мамандардың жұмысын үйлестіреді; шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін тіркеуді жүзеге асырады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларды іріктеуге қатысуға өтінімдерін тіркеуден бас тартуға жол берілмейді.

13. Несиеге өтінімдерді қарау үшін әлеуетті қарыз алушы жұмыс органына Атырау облысы кәсіпкерлігі үшін бекітілген басым бағыттары тізімі бойынша екінші дәрежелі банктер талаптарына сәйкестелген қажетті құжаттар жиынтығын тапсыруы тиіс.

14. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жобалары бойынша іріктеуді жүзеге асыру екі кезеңде жүргізіледі.

Жобаларды іріктеудің алдын-ала сатысында жұмыс органы қала және аудан өкілдерімен бірге сараптама жүргізуге және оларды несиелендіру мүмкіндіктері туралы қорытындыларды беруге арналған жобалар бойынша құжаттарды экономикалық, ұйымдастырушылық, маркетингтік және қаржылық көзқарастар тұрғысынан талдайды және несие ұйымдарының қарауына тапсырады.

Жұмыс органы несие ұйымдарының оң қорытындыларын алған өтінімдерді отырыс күнінен үш күн бұрын, несие ұйымдарының қорытындыларын қоса отырып, Комиссия мүшелерінің қарауына ұсынады.

15. Комиссия өз қызметін жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) ғалымдардың, беделді кәсіпкерлердің, басқару органдары өкілдерінің және басқа да мамандардың арасынан сарапшылар мен консультанттарды жұмыс істеуге тартады;

2) уақытша және тұрақты жұмыс істейтін сараптау және жұмыс топтарын ұйымдастырады;

3) қажетті ақпараттық, талдау, анықтамалық-статистикалық материалдарды, сондай-ақ ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді алады.

16. Несие беруші банк соңғы қарыз алушының несиелік ұсыныстарын: жобаның экономикалық мақсатқа сәйкестілігі, несиенің қайтарудағы тәуекелдік дәрежесі, техникалық-экономикалық және қаржылық көрсеткіштерін сараптайды және оның қорытындысы туралы түйіндемені құжаттар жиынтығымен бірге жұмыс органына жібереді.

17. Шағын кәсіпкерлік субъектісінің жобаларын іріктеу кезінде мынадай талаптар ескеріледі:

1) шағын кәсіпкерлік субъектісінің бюджет алдында берешегінің болмауы;

2) қолайлы несие дерекқорының болуы, егер ол болса;

3) жобаның облыс әкімі жыл сайын бекітетін аймақты дамытудың индикативті жоспарына және аймақта шағын бизнесті дамытудың басым бағыттарына сәйкес келуі;

18. Комиссия несие ұйымдарының оң қорытындыларын алған өтінімдерді, олар тіркелген күннен бастап екі айдан кешіктірмей қарайды.

19. Комиссияның төрағасы Комиссия отырысын қажеттілігіне қарай шақырады, бірақ тоқсанына бір реттен сирек болмауы тиіс.

Комиссия отырысы шешім қабылдауға құқылы, егер отырысқа оның 3/4 құрамы қатысса.

Комиссияның шешімдері ашық дауыс беру арқылы үштен екі дауыспен қабылданады және хаттама түрінде реттеледі.

Комиссияның шешімдеріне Комиссияның отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қояды.

Комиссия мүшелері ерекше пікір білдіруге құқылы, ол білдірген жағдайда жазбаша жазылып, Комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

20. Несиеге арналған жобалар мен ұсынымдарды іріктеу кезінде Комиссияның мүшелері қабылдаған шешімдер үшін, олар "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасына сәйкес жауап береді.

21. Шағын кәсіпкерлік субъектісіне кепілдікті қамтамасыз етуді беруден бас тартылған жағдайда, жұмыс органы жобаларды іріктеудің тиісті кезеңінен кейін, 3 күн мерзімде бас тартудың негізін көрсете отырып, шағын кәсіпкерлік субъектісін жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

КМК кепілдік қорының объектілеріне комиссияның шешімі негізінде және Департаменттің келісімімен ғана билік жүргізу құқысы бар.

22. Несие алу талабына сай жұмыс органына тапсырылатын құжаттар жиынтығын дайындауды шағын кәсіпкерлік субъектілері өз есебінен қамтамасыз етеді және оның шығыны кепілдікті қамтамасыз етуді беруден бас тартылған жағдайда өтелмейді.

4. Кепілдікті қамтамасыз етуді ресімдеу

23. Комиссияның хаттамалық шешімі КМК-ның шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде коммуналдық меншік объектілерін беру туралы шарт жасасу туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

24. Шағын кәсіпкерлік субъектілері несие алған кезде КМК кепілдік беруші болып табылады.

25. КМК, жобаны қаржыландыру туралы оң шешім қабылданған жағдайда, Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2723 Заң күші бар U952723_ Жарлығына сәйкес несие ұйымымен және шағын кәсіпкерлік субъектісімен ипотекалық шарт жасасады.

26. Ипотекалық шартта кепілді мүліктің нысанасы, бағаланған құны, негізі міндеттеменің мәні, оның мөлшері мен орындалу мерзімі, тараптардың құқықтары мен міндеттері, оның ішінде КМК-ның шағын кәсіпкерлік субъектілеріне бақылау жасауды жүзеге асыруы, сондай-ақ кез келген тараптың мәлімдеуі бойынша ипотекалық шартта қол жеткізілуі тиіс және заңнамада тыйым салынбаған өзге де жағдайлар көрсетілуге тиіс.

27. Объектілер кепілдікті қамтамасыз етуге пайдаланылғаны үшін КМК-ға

алынған несие сомасының 0,1 пайызы мөлшерінде шағын кәсіпкерлік субъектілері төлейтін сыйақы (мүдде) ставкасы белгіленеді.

28. Жұмыс органы кепілдікті қамтамасыз ету объектілерінің бағалау

құнын айқындаудағы шығындары мен ипотекалық шартқа отырудағы шығыстары

ақырғы несие алушы шағын кәсіпкерлік субъектісі есебінен өтеледі.

29. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің коммуналдық меншік объектілерін кепілдікті қамтамасыз ету есебінен берілген несиелерін уақытында қайтаруды бақылау КМК, қала және аудан әкімдеріне жүктеледі.

Облыс әкімінің

2001 жылғы 2 шілдедегі N 239

шешіміне N 2 қосымша

Коммуналдық меншік объектілерін

кепілдікті қамтамасыз ету

есебінен несие берілетін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің

жобаларын іріктеу жөніндегі комиссия құрамы

1. Досмағамбет Ерғали Мұқанұлы - облыс әкімінің орынбасары - комиссия төрағасы;

2. Оспанов Валерий Мұқашұлы - коммуналдық меншік, құрылыс және тұрғын үй

шаруашылығы департаментінің директоры -

комиссия төрағасының орынбасары;

3. Бөлекбаев Хайролла - "Агросервис" мемлекеттік коммуналдық мекемесінің директоры - комиссия хатшысы;

Комиссия мүшелері:

4. Галиев Владислав Германович - облыс әкімінің кеңесшісі;

5. Досмұхамедова Балжан Ибатқызы - шағын кәсіпкерлікті қолдау,

- бәсекелестікті қорғау, табиғи монополияны реттеу
жөніндегі Агенттігі департаментінің директоры;
6. Жарылғасов Әспенби Жолдасұлы - облыс әкімінің аппарат басшысының орынбасары, мемлекеттік-құқықтық және әскери-жұмылдыру жұмысы бөлімінің меңгерушісі;
7. Жмыхов Анатолий Александрович - облыстық жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы;
8. Исқалиев Ерхат Серікұлы - облыстық қаржы басқармасы бастығының орынбасары;
9. Қойбақов Жоламан - коммуналдық меншік, құрылыс және тұрғын үй шаруашылығы департаменті директорының орынбасары;
10. Нұршаев Есенгелді Нұршайұлы - облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы;
11. Топилыская Людмила Евгеньевна - экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасы бастығының орынбасары.

Облыс әкімінің
2001 жылғы 2 шілдедегі N№239
шешіміне N№3 қосымша
Шағын кәсіпкерліктер үшін басымдық
бағыттар тізімі
1. Өнеркәсіп өндірісі

Ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу.

Жергілікті өнімдерге тауарлық сипат беру мақсатында қаптамалардың жаңа түрлерін өндіру.

Кондитерлік өнімдер, алкогольсіз ішімдіктер өндіру.

Өндірістің қалыптаспаған түрін дамыту.

2. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу

Астық және майлы дақылдар, көкөніс, жеміс-жидек өсіру.

Дәрілік қасиеті бар шөптер мен өсімдіктерді дайындау және өңдеу.

Жоғары белокты мал азығын және мал азығына қоспалар өндіру.

Өнімділігі жоғары мал және құс өсіріп, көбейту.

Балық шаруашылығын ұйымдастыру.

Тоған шаруашылығын ұйымдастыру.

Жүн дайындау және өңдеу, жіп иіру және тоқыма бұйымдарын дайындау.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, сақтау.

Қаптаманың жаңа технологиясын пайдаланып ет, сүт өнімдерін өңдеу

Етті, сүйекті ұн өндіру.

Балық өнімдерін өңдеу.

3. Құрылыс өндірісі

Жергілікті шикізат негізінде құрылыс материалдарын өндіру.

Құрылыс материалдарының, конструкциялардың және бұйымдардың жаңа түрлерін өндіру.

4. Қызмет көрсету

Тұрмыстық қызмет көрсету.

Мектепке дейінгі тәрбие үйін ұйымдастыру.

Ветеринарлық қызмет көрсету.

Сауықтыру қызметін көрсету.

Ауыл шаруашылығына пайдаланатын жерлерді, бау-бақшаларды өңдеу.

Облыс әкімінің 2001 жылғы

2 шілдедегі N№239 шешіміне

N№4 қосымша

Ескерту. N 4 қосымшаға толықтырулар енгізілді - Атырау облысы әкімінің 2002 жылғы 16 қаңтардағы N 368 шешімімен.

V02T780_

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде пайдаланылатын коммуналдық меншік объектілерінің тізімі

Объектінің Балансы Тұрған Пайдалануға Құны (мың теңгемен) Ескерт-
аты ұстаушы жері берілген ----- пе
жылы Балансылық Қалдық

Атырау қаласы 607202 607202

1 Денешынықтыру- "Атырау Атырау қ. 1999

сауықтыру кешені спорт

кешені" КМҚК

2. N№2 орталық Қалалық Балықшы п. 1968 4768 4768

кітапхана мәдениет бөлімі

3. Әкімшілік Қайыршақты с/о

ғимараты Томарлы с. 1979 524,8 288,7

4. Әкімшілік

ғимараты Геолог с/о Геолог п. 1976 432,8 183,9

5. Әкімшілік

ғимараты Кеңөзек с/о Тасқала с. 1983 523,2 3741,1

6. Оргтехникалар Қалалық Атырау қ.

жайландыру бөлімі 2000 1543,4 1358,4

7. Әкімшілік "Айқұр" Атырау қ. 1965 4558,1 1975,9

ғимараты мемлекеттік Гайдар

қосалқы орын- қазыналық көшесі 8

жайларымен кәсіпорны

қоса

8. Әкімшілік Атырау қ.

ғимараты Абай көшесі, 1988 52500,0 52500,0

(бұрынғы 10 а

"Атырау.

сужобасы"

жобалау

ізденіс

институты

ЖШС)

9. Әкімшілік Атырау қ. 1980 30000,0 30000,0

ғимараты Сәтпаев

қосалқы орын- көшесі, 3

жайларымен

қоса (бұр.

ынғы "Ем.

бімұнай.

геофизика"

АҚ)

10. Облыстық Облыстық Атырау қ. 1962 14626,0 14626,0

мәдениет мәдениет Азаттық

басқарма. басқармасы көшесі, 9

сының әкім.

шілік ғима.

раты

Құрманғазы ауданы

1. Әкімшілік

ғимараты Ганюшкин с/о Ганюшкин с. 1974 2671,3

2. Селолық мәдениет

үйінің ғимараты Калинин с/о Орлы с. 1983 4776,4 4102

3. Селолық округтің Еңбекші с/о

әкімшілік ғимараты Еңбекші с. 1977 158,4 37,6

4. Селолық округтің Азғыр с/о

әкімшілік ғимараты Балқұдық с. 1980 713,5

5. Селолық клубтың Еңбекші Еңбекші
ғимараты селолық клубы селосы 1977 157,5 103,4

6. Селолық округтің Калинин с/о
әкімшілік ғимараты Орлы с. 1983 2454 1953,4

7. Селолық клубтың Байдын с/о
ғимараты Котяевка с. 1971 91,6 61,6

8. Селолық әкімшіліктің
ғимараты Байдын с/о Котяевка с. 1972 52,2 38,2

9. Музыка мектебінің
ғимараты Нұржау с/о Нұржау с. 1981 905 850

10. Селолық округтің
ғимараты Киров с/о Дашино с. 1980 115,5 96,4

11. Селолық клубтың
ғимараты Киров с/о Дашино с. 1960 97,5 86,5

12. Селолық округтің Сүйіндік с.
ғимараты Сүйіндік с/о 1991 245,4 138,6

13. Селолық клубтың Шортанбай с.
ғимараты Шортанбай с/о 1984 3508,9 2117,4

Мақат ауданы

1. Монша ғимараты "Мақсат" МКК Мақат п. 1994 4792,7 2985,8
Исатай ауданы

1. Монша ғимараты Новобогат с/о Х.Ерғалиев с. 2001 9000 9000

2. Монша ғимараты Исатай с/о Исатай ст. 2001 9000 9000

3. Монша ғимараты Исатай с/о Тайман бекеті 2001 9000 9000

4. Монша ғимараты Аққыстау с/о Аққыстау с. 2001 2300 2300

5. Аудандық мәдениет Аудандық
бөлімінің әкімшілік мәдениет
ғимараты бөлімі Аққыстау с. 1989 5200 3900

6. Мәдениет үйі Аудандық
ғимараты мәдениет бөлімі Х.Ерғалиев с. 1970 100 100

7. Мәдениет үйі Аудандық
ғимараты мәдениет бөлімі Чапаево с. 1967 200 200

8. Клуб ғимараты Аудандық
мәдениет бөлімі Исатай с. 1971 500 200

9. Жылу орталығы-1 "Демеу" МКК Аққыстау с. 1989 500 400

10. Жылу орталығы-2 "Демеу" МКК Аққыстау с. 1985 500 400

11. Автогараж "Демеу" МКК Аққыстау с. 1981 1900 1800

12. Жылу орталығы "Нарынқұм" МКК "Нарын" бекеті 1970 1200 300

13. Жылу орталығы "Демеу" МКК "Тұман" бекеті 1970 1600 400

14. Жеңіл Аққыстау ауданы 1999-

автокөліктер әкім аппараты Аққыстау с. 2000 4258,4 3282,6

Индер ауданы

1. Мәдениет үйі Көптоғай с/о Көптоғай с. 1970 2362,1 -

2. Мәдениет үйі Горы с/о Елтай с. 1974 604,6 604,6

3. Жылу орталығы Аққала

ғимараты селосы мектебі Аққала с. 1982 103 65,8

4. Селолық округ

ғимараты Өрлік с/о Өрлік с. 1989 1200,5 514,8

5. Клуб ғимараты Өрлік с/о Өрлік с. 1961 341,1 173,1

6. Клуб ғимараты Көптоғай с/о Көптоғай с. 1970 2362 -

7. Жылу қазаны

ғимараты Көптоғай с/о Көптоғай с. 1992 2306,6 2233,1

8. Селолық округтің

әкімшілік ғимараты Кулагино с/о Кулагино с. 1972 1056,6 257,5

9. Клуб ғимараты Жарсуат а/о Жарсуат ауылы 1968 886,5 546,1

10. Әкімшілік Аудан әкімшілігі

ғимараты аппараты Индербор п. 1968 2362 2110,8

11. Мәдениет үйі Индер мәдениет

бөлімі Индербор п. 1959 1536,6 1613,2

12. Селолық округ Горы

әкімшіліктің ескі селолық

ғимараты округі Елтай с. 1970 464,4 406

Жылыой ауданы

1. Әкімшілік Жылыой ауданы

ғимараты суландыру басқармасы Құлсары п. 1977 3605,8 3605,8

2. Оргтехника және Аудан әкімшілігі 1998-

кеңсе жиһаздары аппараты Құлсары п. 2001 8868,9 7364,6

3. Жеңіл Аудан әкімшілігі 1999-

автокөліктер аппараты Құлсары п. 2000 4530,5 3923,6

4. Арнайы "Құлсары-

техникалар водоканал" МКК Құлсары п. 2000 6689,4 6689,4

5. Жеңіл Аудандық

автокөліктер мәдениет бөлімі Құлсары п. 2000 1345,6 1345,6

6. Оргтехника және Аудандық

кеңсе жиһаздары мәдениет бөлімі Құлсары п/ 2000 1463,7 1463,7

Махамбет ауданы

1. Мәдениет үйі Аудандық

ғимараты мәдениет бөлімі Махамбет с. 1978 5462 1655

2. Мәдениет үйі Ақжайық

ғимараты селолық округі Ақжайық с. 1980 2754 296,8

Қызылқоға ауданы

1. "Арман" мәдениет Аудандық

үйі ғимараты мәдениет бөлімі Миялы с. 1970 1392,2 -

2. Еспай мәдениет Қызылқоға

үйі ғимараты селолық округі Қарабау с. 1989 12402,4 1121,2

3. Селолық клуб Жамбыл

ғимараты селолық округі Қарабау с. 1967 1748,8 -

(Маман: Ержанова К.С.)